

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы
20-сабақ

Тақырып: Жай және құрама сан

Сынып жұмысы

Жай және құрама сан

1. Алғашқы 30 натурал санның ішінде неше жай сан бар?
2. $2p$; $3p$; $5p$ сандарының үшеуі де жай сандар болу үшін p —ның мәні қандай болу керек?
3. $(x - 2)(x - 3)$ көбейтіндісі жай санды береді. x —тің мәні қандай?
4. $(n - 3)^2$ саны жай сан болуы үшін n —нің мәні неше болуы керек?

Натурал санды жай көбейткіштерге жіктеу

5. 2020 санын жай көбейткіштерге жікте

Натурал санның бөлгіштер саны

6. 2025 санының неше жай бөлгіші бар? Неше құрама бөлгіші бар?
7. pq санының неше бөлгіші бар? Мұндағы q, p жай сандар
8. q^3 санының неше бөлгіші бар? Мұндағы q жай сан.
9. $n^2 p^3 q^4$ санының неше бөлгіші бар? Мұндағы n, q, p әртүрлі жай сандар.
10. Қандай да бір натурал санның дәл 3 бөлгіші бар. Осы сан туралы не айта аласың?
11. Қандай да бір натурал санның дәл 10 бөлгіші бар. Осы санның ең көп дегенде неше құрама бөлгіші болуы мүмкін
12. Ақнұр мен Балерке ойын ойнады. Ақнұр бөлімі 100-ге тең болатын 99 дұрыс бөлшектердің барлығын жазып шықты. Ал Балерке сол бөлшектің барлығын қысқартып шықты. Егер алымы 1-ге тең болатын бөлшектер саны жұп болса Балерке жеңеді. Кім міндетті түрде жеңіске жетеді?